# Шығыстары облыстық бюджет есебінен субсидиялауға жататын Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 496 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 желтоқсанда № 4453 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы темір жол көлігінің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 шілдедегі № 1114 қаулысымен бекітілген 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы темір жол көлігінің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімнің 9-5-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Шығыстары облыстық бюджет есебінен субсидиялауға жататын Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша конкурс өткізу қағидалары бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мыналарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы әкімдік қаулысын мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның мемлекеттік және орыс тіліндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының филиалы - Солтүстік Қазақстан аймақтық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі* *Қ.Ақсақалов*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 496 қаулысымен бекітілді

# Шығыстары облыстық бюджет есебінен субсидиялауға жататын Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша конкурс өткізу қағидалары

## 1. Жалпы ережелер

1. Шығыстары облыстық бюджет есебінен субсидиялауға жататын Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша конкурс өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы темір жол көлігінің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 15 шілдедегі № 1114 қаулысымен бекітілген 1996 жылғы 18 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы темір жол көлігінің кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдарының қызметін құқықтық реттеудің ерекшеліктері туралы келісімнің 9-5-бабына сәйкес әзірленді және шығыстары облыстық бюджет есебінен субсидиялауға жататын Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша конкурс (бұдан әрі - конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) қаржы институты - екінші деңгейдегі банктер, банк қызметін жүзеге асыру құқығына тиісті лицензиясы бар кредиттік ұйымдар, лизингілік компаниялар;

2) лизинг беруші - тартылған ақша және (немесе) өз ақшасы есебінен лизинг нысанасын меншігіне сатып алатын және оны лизинг алушыға лизинг шартының

талаптарымен беретін лизинг мәмілесіне қатысушы. Бір лизинг мәмілесінің шеңберінде лизинг беруші бір мезгілде оның басқа қатысушысы ретінде іс-қимыл жасауға құқылы емес;

3) конкурстық өтінім – конкурсты ұйымдастырушыға конкурсқа қатысушы ұсынған , конкурсты ұйымдастырушының және осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген құжаттар жиынтығын қоса отырып, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ресімделген өтінім;

4) Ұлттық инфрақұрылым операторы - акцияларының бақылау пакеті Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі, магистральдық теміржол желісін пайдалануды, күтіп-ұстауды, жаңғыртуды, салуды жүзеге асыратын және магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсететін заңды тұлға;

5) Ұлттық жолаушыларды тасымалдаушы - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, барлық магистральдық теміржол желісінде поездарды қалыптастыру жоспарын іске асыруды, соның ішінде арнайы және әскери тасымалдауларды қамтамасыз ететін заңды тұлға.

3. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі конкурсты өткізудің ұйымдастырушысы болып табылады.

## 2. Конкурс өткізу

4. Конкурс субсидиялау туралы шарттың мерзімі өткен және мерзімінен бұрын бұзылған немесе жаңа әлеуметтік маңызы бар қатынасты таныған жағдайларда өткізіледі. Бұл ретте, конкурс тасымалдаушының әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруы және облыстық бюджет есебінен оның шығыстарын субсидиялау құқығына өткізіледі.

5. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес конкурстық құжаттаманы бекіту жолымен конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

6. Конкурсы өткізу туралы шешім қабылданған соң конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсы арқылы осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысанда конкурс өткізу туралы тиісті хабарландыру (бұдан әрі - хабарландыру) беріледі. Хабарландыру конкурс өткізуге кемінде күнтізбелік он бес күн, конкурс қайта өткізілген жағдайда, күнтізбелік жеті күн қалғанда беріледі. Конкурс жасалған субсидиялау туралы шарттардың мерзімі аяқталуына кемінде күнтізбелік алпыс күн қалғанда өткізіледі.

7. Конкурс өткізу туралы хабарланғаннан кейін конкурсқа қатысуға ниет білдірген тасымалдаушылар осы Қағидаларға сәйкес конкурсты ұйымдастырушының атына конкурстық өтінімдерін ұсынады.

8. Комиссия хатшысы конкурсқа қатысу жөніндегі өтінімдерді қабылдауды оларды (тігілген, номерленген, комиссия хатшысы қол қойған және мөрмен бекітілген) тіркеу

журналына енгізу жолымен жүзеге асырады және конкурстық өтінімдерді ашуға күнтізбелік бір күн қалғанда аяқтайды.

## 3. Конкурстық құжаттаманы әзірлеу және бекіту тәртібі

9. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа конкурстық құжаттаманы әзірлеп, бекітеді және ол мыналардан тұрады:

1) хабарландыру;

2) лоттар бөлінісінде осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысанда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асырудың негізгі талаптары (бұдан әрі - жолаушыларды тасымалдаудың негізгі талаптары);

3) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысанда әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалдауды дамытудың негізгі талаптары (бұдан әрі - тасымалдаудың негізгі талаптары);

4) осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысанда жылдар мен лоттар бөлінісінде Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын субсидиялаудың жоспарланған көлемі және әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдау қызметтерінің бағасын (тарифтерін) көтерудің шекті деңгейі (бұдан әрі - субсидиялаудың жоспарланған көлемі және бағаны көтерудің шекті деңгейі);

5) осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысанда жылдар мен лоттар бөлінісінде тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондарды есепке ала отырып, әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар айналымының жоспарланған көлемі (бұдан әрі - жолаушылар айналымының жоспарланған көлемі).

10. Конкурсқа шығарылатын лоттар әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша қатынауға жоспарланған поездар бойынша құрылады. Тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондар бойынша лоттар әлеуметтік маңызы бар қатынас бойынша жол жүру жолында оларды қалыптастыру пунктінен тіркеу бірінші жоспарланған құрамдағы поезбен бір лотта құралады. Халықаралық поездардан басқа, тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондар үшін жеке лот қалыптастыру қарастырылмайды. Бұл ретте, республикалық ауқымдағы іс-шараны өткізу шеңберінде әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын ұйымдастырған жағдайда, электр, дизель поездарын қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша қатынауға жоспарланған поездарды бір лотпен қалыптастыруға жол беріледі.

11. Тасымалдаудың негізгі шарттарындағы көрсеткіштер және жолаушылар айналымының жоспарланған көлемі Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі бекітетін Теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты

тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау көлемін анықтау әдістемесіне (бұдан әрі - Әдістеме) сәйкес қалыптасады.

12. Дамудың негізгі шарттары әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалының сапалық сипаттамасын арттыру есебінен қалыптасады.

13. Субсидиялаудың жоспарланған көлемі және бағаны көтерудің шекті деңгейі тиісті деңгейде бекітілген бюджет шегінде қалыптасады.

Алдағы жылдарға тиісті деңгейдегі бюджет бекітілмеген субсидиялаудың жоспарланған көлемі мен бағаны көтерудің шекті деңгейі тиісті деңгейде бекітілген бюджеттің соңғы жылының деңгейінде қалыптасады.

14. Конкурсты ұйымдастырушы тасымалдаудың негізгі шарттарында әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыру мерзімін халықтың осындай тасымалдауға деген сұранысына байланысты бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімде анықтайды.

15. Конкурстық құжаттама Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

## 4. Комиссияны құру

16. Конкурсты өткізуді қамтамасыз ету және жеңімпазды анықтау үшін комиссия ( бұдан әрі - комиссия) құрылады. Комиссия құрамы Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің шешімімен бекітіледі, бұл ретте комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде үш адам болуы тиіс. Комиссияны комиссия төрағасы, ал ол болмаған кезде төрағаның орынбасары басқарады. Комиссия хатшысы комиссияның мүшесі болып табылмайды және комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

17. Комиссия қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қабылдайды және қарайды, конкурс өткізеді және жеңімпаздарды анықтайды.

18. Комиссия төрағасы, ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары комиссия қызметін басқарады, комиссия отырыстарында төрағалық етеді, жұмысты жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады.

19. Ұйымдастырушы өтеусіз негізде жолаушыларды тасымалдау қызметтерін ұсыну бойынша жұмыс тәжірибесі бар өзге де мамандарды сарапшылар ретінде жұмыс істеу үшін тартуға рұқсат етеді. Сарапшы комиссияның мүшесі болып табылмайды және комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ.

20. Сарапшылар қатысушылардың конкурстық өтінімдерінің конкурстық құжаттама талаптарына, осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі туралы сараптамалық қорытынды береді. Сарапшылардың қорытындысы ұсынылған конкурстық өтінімдерді

бағалау және салыстыру, жеңімпазды анықтау кезінде ескеріледі. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшылар қол қояды және комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

## 5. Тасымалдаушыларға және ұсынылатын құжаттарға қойылатын талаптар

21. Тасымалдаушы конкурсқа қатысу үшін мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырушы жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға болуы;

2) Қазақстан Республикасының аумағында жолаушылар тасымалын ұйымдастыру үшін меншікті немесе өзге де заңды негіздерде пайдаланылатын техникалық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін жолаушы жылжымалы құрамының болуы.

Бұл ретте, типтері (купе, плацкарт, жалпы және гранд PMR) бойынша көрсетілген жолаушылар вагондарының саны, тиісінше талап етілетін вагондар санынан кемінде 30 %, ал электр, дизель поездары 100 %-ды құруы тиіс;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдер және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдар бойынша берешектерінің болмауы;

4) тиісті әлеуметтік маңызы бар бағыттарға қызмет көрсетуге қажет поезд бригадалары қызметкерлерінің жеке білікті штатының және/немесе нормативтік саны шегінде тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондарды есепке ала отырып, бұрын әлеуметтік маңызы бар бағытқа қызмет көрсеткен тасымалдаушының поезд бригадалары қызметкерлерінің білікті штатын жұмысқа қабылдау туралы кепілдіктің болуы;

5) Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктерінде ашылған шоттар бойынша конкурс өткізетін айдың алдындағы соңғы үш айға мәлімделген қатынасқа қызмет көрсетудің бірінші жылына көзделген субсидия көлемінен кемінде 5 % құрайтын өзінің ақшалай қаражаты айналымының болуы.

22. Конкурсқа қатысу үшін конкурсты ұйымдастырушының атына мынадай құжаттар ұсынылады:

1) конкурсқа қатысуға өтінім:

заңды тұлғалар үшін осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысанда;

жеке кәсіпкерлер үшін осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысанда;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

3) осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысанда тасымалдаушының меншігіндегі және (немесе) сенімді басқарудағы, мүліктік жалдағы немесе өзге де

заңды негіздерде пайдаланылатын конкурсқа мәлімделген лоттар бойынша вагондарын теміржол жолаушылар паркімен қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар;

4) қызмет көрсетудің бірінші жылының соңына дейінгі мерзімге ұсынылған, конкурсқа мәлімделген, тасымалдаушының меншік құқығын немесе жолаушылар теміржол жылжымалы құрамын жалға алуын растайтын құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырған жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімдер және/немесе шарттың мерзімін ұзартуға арналған өтінімдерді Конкурсты ұйымдастырушының қабылдау күнінің алдындағы бір айдан астам мерзімге Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 "Жеке шоттарын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16601 болып тіркелген) жеке шоттарын жүргізу Қағидаларының 17 -қосымшасына сәйкес мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

6) осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысанда лоттар бөлінісінде жолаушыларды тасымалдаудың негізгі шарттарын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар ;

7) осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысанда Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын субсидиялаудың жоспарланған көлемін және әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдау қызметтерінің бағасын (тарифтерін) көтерудің шекті деңгейін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар;

8) осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысанда жолаушылар айналымының жоспарланған көлемін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар;

9) осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес нысанда тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондарды есепке ала отырып, бұрын қызмет көрсетілген әлеуметтік маңызы бар маршруттарға поезд бригадалары қызметкерлерінің меншікті білікті штатының болуы туралы мәліметтер. Бұрын басқа тасымалдаушылар қызмет көрсеткен маршруттарға өтінім берген кезде нормативтік саны шегінде тіркелмелі және тікелей қатынайтын вагондарды есепке ала отырып, бұрын әлеуметтік маңызы бар маршруттарға қызмет көрсеткен тасымалдаушының поезд бригадалары қызметкерлерінің білікті штатын жұмысқа қабылдау туралы кепілді міндеттеме-хат;

10) конкурс өткізетін айдың алдындағы соңғы үш айға мәлімделген лот бойынша қызмет көрсетудің бірінші жылына қарастырылған субсидия көлемінен кемінде 5 % құрайтын тасымалдаушының шоттары бойынша ақшалай қаражат айналымының көлемі туралы банктен (терден) анықтама (лар);

11) осы Қағидалардың 8-тарауына сәйкес конкурсқа қатысу жөніндегі өтінімдерді қамтамыз етуді растайтын құжат.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 01.11.2018 № 312 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## 6. Құжаттарды ұсыну

23. Конкурсқа қатысуға осы Қағидалардың 21-тармағында анықталған талаптарға сәйкес келетін, осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып , конкурстық өтінімді уақтылы ұсынған тасымалдаушылар жіберіледі.

24. Конкурсқа қатысуға талап етілетін құжаттар (түпнұсқа және түпнұсқаның көшірмесі) мемлекеттік немесе орыс тілдерінде екі данада ұсынылады, беттері номерленіп, тігілген болуы тиіс, соңғы бетінің екінші жағы заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің мөрімен куәландырылады (бар болған жағдайда).

Бұл ретте, банктік кепілдеменің түпнұсқасы конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қамтамасыз ету ретінде берілген жағдайда, тігілмейді және бөлек конвертте конкурсқа қатысуға талап етілетін құжаттармен беріледі.

25. Конкурстық өтінімдер өшірулер мен түзетулерсіз, қандай да бір өзге жазбаларсыз ұсынылады.

26. Тасымалдаушы конкурстық өтінімді конвертке салып желімдейді, онда тасымалдаушының атауы мен мекенжайы көрсетіледі. Конвертте "ТҮПНҰСҚА" немесе "КӨШІРМЕ" деген белгілер қойылады. Осыдан кейін екі конверт бір сыртқы конвертке салынып, жабылады.

27. Конверттер конкурсты ұйымдастырушыға "Шығыстары облыстық бюджет есебінен субсидиялауға жататын әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық облысішілік) және қала маңындағы қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі конкурсқа арналған конкурстық өтінім" деген белгімен жіберіледі.

28. Тасымалдаушы конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өзінің конкурстық өтінімін өзгерте немесе кері қайтарып ала алады. Өзгерту өтінімнің өзі сияқты дайындалады, салынады және ұсынылады. Мұндай өзгерту немесе қайтарып алу туралы хабарламаны конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімдері өткенге дейін алса, онда ол жарамды болып табылады.

29. Өтінімдерді тапсырудың соңғы мерзімі өткеннен кейін өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

30. Конкурстық өтінімді бағалау кезінде есепке алу үшін тасымалдаушының конкурстық өтінімге қосымша мына құжаттарды беруіне болады:

1) осы Қағидалардың 13-қосымшасына сәйкес нысанда Ұлттық инфрақұрылым операторының Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк багажын тасымалдау бойынша қызметтерді тасымалдаушының бұрын жүзеге асырғанын растайтын, мөрмен бекітіліп, бірінші басшының қолымен куәландырылған анықтамасы немесе Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігімен жолаушыларды тасымалдау қызметін жүзеге асырған барлық кезеңге әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының залалдарын субсидиялау туралы шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

2) тасымалдаушы мен қаржы институтының конкурсты ұйымдастырушы атына жазған хатының түпнұсқасы немесе тасымалдаушы конкурс жеңімпазы болып айқындалған және онымен белгіленген тәртіпте әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығыстарын субсидиялауға арналған шарт (бұдан әрі - субсидиялау туралы шарт) жасалған жағдайда, тасымалдаушы мен қаржы институты арасында жасалған шарттың түпнұсқасы:

қаржы институты жаңа жолаушылар вагондарын сатып алу үшін тасымалдаушыға кредит қаражатын беруге немесе сомасын (кредит немесе қаржы лизингісінің), сыйақы мөлшерлемесін, мерзімін, ай сайынғы төлем кестесін, сатып алынатын вагондардың саны мен типтерін, жасаушы зауытты, вагондарды тасымалдаушыға жеткізу кестесін көрсете отырып, лизинг беруші болуға міндеттенеді. Қаржы институтының кредит қаражатын немесе лизинг беру мерзімі белгіленген тәртіпте онымен әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын субсидиялауға шарт жасасқаннан кейін алты айдан аспауы тиіс;

тасымалдаушы жоғарыда көрсетілген шарттарды есепке ала отырып, жаңа жолаушылар вагондарын сатып алу үшін кредит қаражатын немесе қаржы лизингін беруге қаржы институтымен жасалатын шартқа қол қоюға міндеттенеді.

Бұл ретте, тасымалдаушы мен қаржы институтының арасындағы хатқа немесе шартқа қарыз ақшаны немесе қаржы лизингін беру қызметін жүзеге асыруға құқық белгілеуші құжаттардың көшірмелері қоса беріледі. Тасымалдаушының жаңа жолаушылар вагондарын сатып алуының және оларды тасымалдаушыға жеткізу мерзімі белгіленген тәртіпте онымен субсидиялау туралы шарт жасалғаннан кейін он бес айдан аспауы тиіс;

3) тасымалдаушының тікелей жасаушы зауыттан немесе жасаушы зауыттың өкілдігі арқылы сатып алатын вагондарының саны мен типтерін, тасымалдаушыға вагондарды жеткізу кестесін көрсете отырып, жаңа жолаушылар вагондарын сатып алу шартының ( бұдан әрі - сатып алу шарты) нотариалды куәландырылған көшірмесі. Бұл ретте, осы құжатқа жасаушы зауыттың өкілдігіне нотариалды куәландырылған құқық белгілеуші

құжаттар және тасымалдаушының сатып алу шартының сомасынан кемінде он бес пайызын төлегендігін растайтын құжат ұсынылады. Осы шартта тасымалдаушының жаңа жолаушылар вагондарын сатып алуының және оларды тасымалдаушыға жеткізу мерзімі белгіленген тәртіпте онымен субсидиялау туралы шарт жасалғаннан кейін он бес айдан аспауы тиіс.

31. Осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген құжаттардың болуы немесе болмауы конкурстық өтінімді қабылдамауға негіз болып табылмайды.

## 7. Конкурстық ұсыныстарды бағалау және жеңімпаз(дар)ды айқындау

32. Комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттерді қатысушылардың немесе олардың өкілеттіктері комиссия отырысына қатысу құқығына арналған сенімхатпен расталған уәкілетті өкілдерінің қатысуымен ашады.

33. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі кезінде комиссия хатшысы конкурсқа қатысатын тасымалдаушылардың атауы мен тұрғылықты жерін, әр өтінім бойынша конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қатысып отырған адамдарға хабарлайды.

34. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей, комиссия конверттерді ашу рәсіміне қатысқандар комиссия мүшелері, сондай-ақ комиссия хатшысы қол қоятын конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасын жасайды.

35. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) тасымалдаушыларға немесе олардың уәкілетті өкілдеріне конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының көшірмесін жібереді немесе ұсынады;

2) конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасының қол қойылған мәтінін интернет-ресурста жариялайды. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасында қамтылған және интернет-ресурс арқылы орналастырылған мәліметтер тегін, барлық мүдделі адамдарға танысу үшін қолжетімді болып табылады.

36. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімі кезінде болмаған тасымалдаушыларға олардың жазбаша сұрау салуы бойынша немесе уәкілетті өкілдерінің жазбаша сұрау салуы бойынша конкурсты ұйымдастырушының осындай сұрау салуды алған күнінен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, конверттерді ашу хаттамасының көшірмесі ұсынылады.

37. Комиссия осы Қағидалардың 14-қосымшасына сәйкес конкурстық өтінімдерді бағалау шкәлі бойынша осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысанда конкурсқа шығарылған лоттар бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастармен жолаушылар тасымалын жүзеге асыру бойынша конкурстық өтінімдерді бағалау парағында (бұдан әрі - бағалау парағы) ұпайларды қояды.

Әрбір лот бойынша бағалау парағы конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға қоса беріледі.

38. Комиссия осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген құжаттар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес ресімделген жағдайда ғана оларды конкурстық өтінімдерді бағалау парағында ескереді.

39. Тасымалдаушылардың конкурстық өтінімдерін және осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарды қарастыру кезінде қажет болған жағдайда, комиссия конкурстық өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында жазбаша нысанда тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұратады.

Бұл ретте, конкурсты ұйымдастырушы вагондардың осы Қағидалардың 22-тармағы 3) тармақшасына сәйкес тасымалдаушы конкурстық өтінімінде ұсынған құжаттарға сәйкестігін алдын ала шығып тексеруді жүргізеді. Тасымалдаушы вагондарды алдын ала тексертуден бас тартқан жағдайда, тасымалдаушының конкурстық өтінімі қабылданбайды. Вагондарды алдын ала шығып тексеру нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес нысанда акті жасалады.

Вагондарды алдын ала шығып тексеру актісі конкурсқа шығарылған лоттар бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастармен жолаушылар тасымалын жүзеге асыру жөніндегі конкурстық өтінімдерді бағалау парағындағы 1, 4 және 5-тармақтар бойынша ұпай санын есепке алуға негіз болып табылады.

Вагондарды алдын ала шығып тексеру актісі комиссияның шешім қабылдауына негіз болып табылған жағдайда, конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға қоса беріледі.

40. Комиссия хатшысы конкурстық өтінімдер мен осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген қосымша құжаттарды қарастырып, бағалаған соң, тасымалдаушылар бойынша конкурстық өтінімдерді бағалау парағында лоттар бөлінісінде жалпы ұпайды жинақтайды және конкурстың қорытындысы туралы хаттамада көрсетілетін ортақ сомалық ұпайды анықтайды.

41. Комиссия конкурсқа қатысу үшін қарастыруға қабылданған конкурстық өтінімдерді бағалау парағына сәйкес жиынтық ұпайды бағалап, салыстырады және әр лот бойынша конкурста жеңген тасымалдаушыны (тасымалдаушыларды) айқындайды.

Тасымалдаушы ұсынған әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушыларды тасымалдаумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялаудың жоспарланған көлемі тасымалдаушының пайдасына бағалауға жатпайды.

42. Комиссия, егер:

1) конкурстық өтінімді ұсынған тасымалдаушы осы Қағидалардың 21-тармағында талаптарына сәйкес келмесе;

2) конкурстық өтінімді ұсынған тасымалдаушы осы Қағидалардың 22-тармағында сәйкес құжаттар пакетін толық және ресімдеп тапсырмаса;

3) тасымалдаушы ұсынған әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалының бағасын (тарифін) көтерудің шекті деңгейі конкурстық құжаттамада көрсетілген деңгейден асып түссе;

4) тасымалдаушы ұсынған субсидиялаудың жоспарланған көлемі конкурстық құжаттамада көрсетілген көлемнен асып түссе;

5) тасымалдаушының ұсыныстары жолаушыларды тасымалдаудың негізгі шарттарын қамтамасыз етпесе;

6) тасымалдаушының ұсыныстары жоспарланған жолаушылар айналымының көлемін қамтамасыз етпесе;

7) тасымалдаушы ұсынған конкурстық өтінімде қасақана жалған мәліметтер беру фактісі анықталса, конкурстық өтінімді қабылдамайды.

43. Егер конкурсқа қойылатын бір лот бойынша конкурстың шарттарына жауап беретін және осы Қағидаларға сәйкес конкурсқа қатысуға құжаттарын ұсынған кемінде екі тасымалдаушы конкурсқа қатысуға жіберілсе, конкурс өткізілді деп танылады.

44. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі. Дауыс беру рәсіміне комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде комиссияның шешімі заңды деп танылады.

45. Конкурс қорытындыларын шығарған кезде дәлелді себептердің бар екенін растайтын құжаттар ұсынылған жағдайда, комиссияның кез келген мүшесінің және хатшысының болмауына рұқсат етіледі.

46. Комиссия конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы ресімдей отырып, конверттер ашылған күннен бастап он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде конкурстың қорытындыларын шығарады, оған комиссияның мүшелері мен комиссия хатшысы қолдарын қояды.

Комиссияның әрбір мүшесі конкурстың қорытындысы туралы хаттамаға қоса берілетін өзінің айрықша пікірін жазбаша жаза алады.

47. Конкурсты ұйымдастырушы конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) конкурсқа қатысушыларға конкурстың қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесін жібереді;

2) конкурстың қорытындылары туралы қол қойылған хаттаманың мәтінін интернет-ресурста жариялайды. Конкурстың қорытындылары туралы хаттамада қамтылған және интернет-ресурста орналастырылған мәліметтер ақысыз негізде барлық мүдделі адамдарға танысу үшін қолжетімді болып табылады.

48. Конкурстық өтінімдерді бағалау шәкіліне сәйкес неғұрлым көп ұпай жинаған және:

1) жолаушыларды тасымалдаудың негізгі талаптарын;

2) субсидиялаудың жоспарланған көлемін;

3) жолаушылар айналымының жоспарланған көлемін қамтамасыз еткен тасымалдаушы жеңімпаз болып танылады.

49. Екі немесе одан да көп қатысушы бірдей жиынтық ұпай жинаса, тасымалдаушыға мынадай басымдылыққа сәйкес артықшылық беріледі:

1) вагондардың неғұрлым көп бөлігі тасымалдаушының меншігінде болса;

2) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушының вагондары вагондарды пайдаланудың неғұрлым аз мерзіміне ие болса;

3) тасымалдаушы осы Қағидалардың 30-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген, дұрыс ресімделген құжаттардың біреуін ұсынса;

4) бағаның (тарифтің) шекті деңгейі шегінде әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалданатын қызмет көрсетудің алғашқы үш жылында жол жүру бағасын көтерудің неғұрлым аз орташа деңгейін ұсынған тасымалдаушыға;

5) тасымалдаушының әрбір құрамында мүгедектерге арналған кресло-арбалармен қозғалатын адамдарды отырғызып-түсіру үшін көтеретін құрылғылары және мамандандырылған орындары бар вагондары болса;

6) тасымалдаушының Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігімен жолаушылар тасымалын ұйымдастыруда тәжірибесі неғұрлым көп болса.

50. Комиссия конкурстың қорытындыларын шығару кезінде әрбір лот бойынша конкурстың жеңімпазынан басқа, конкурстық өтінімдерді бағалау шәкіліне сәйкес неғұрлым көп ұпай санын жинаған әлеуетті қатысушыны айқындайды.

Конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

51. Конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде конкурстың жеңімпазы мен Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі арасында субсидиялау туралы шарт жасалады.

52. Конкурс жеңімпазының конкурстық ұсыныстары онымен жасалатын субсидиялау туралы шарттың және субсидиялау туралы шарт жасаудың ажырамас бөлігі болып табылады, конкурс жеңімпазы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігіне тасымалдаудың негізгі шарттарына сәйкес вагондардың шартты жалпы санын толық қамтамасыз етуді есепке ала отырып, тасымалдаушының меншігіндегі және (немесе) сенімді басқарудағы, мүліктік жалдағы немесе өзге де заңды негіздерде пайдаланылатын вагондарын теміржол жолаушылар паркімен қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар ұсынады.

Бұл ретте, конкурс жеңімпазының тасымалдаудың негізгі талаптарына сәйкес вагондардың шартты жалпы санын толық қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар ұсынбауы конкурс жеңімпазының субсидиялау туралы шарт жасасудан бас тартуы ретінде бағаланады.

53. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстың қорытындысы бойынша Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын субсидиялау туралы шарт жасайды.

54. Тасымалдаушының конкурстық өтінімдері конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға комиссияның барлық мүшелері қол қойғаннан кейін он бес жұмыс күні өткенге дейін жарамды.

55. Жеңімпаз субсидиялау туралы шарт жасаудан бас тартқан кезде конкурсты ұйымдастырушы конкурс жеңімпазынан кейін конкурстық өтінімдерді бағалау шәкіліне сәйкес неғұрлым көп ұпай санын жинаған тасымалдаушымен субсидиялау туралы шарт жасайды. Бұл ретте, конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасын субсидиялау туралы шарт жасаудан бас тартқан тасымалдаушыға қайтармайды.

Конкурс жеңімпазынан кейін конкурстық өтінімдерді бағалау шәкіліне сәйкес неғұрлым көп ұпай санын жинаған тасымалдаушы субсидиялау туралы шарт жасасудан бас тартқан жағдайда, конкурс өтпеді деп танылады.

56. Егер комиссия конкурсты өтпеді деп таныса, конкурсты қайта өткізу туралы шешім қабылданады.

Конкурсқа қатысуға бір ғана тасымалдаушы жіберілуіне байланысты конкурс тағы да өтпеді деп танылған жағдайда, комиссия онымен субсидиялау туралы шарт жасау туралы шешім қабылдайды. Жасалған субсидиялау туралы шарттың бағасы бөлінген субсидиялар сомасынан аспауы тиіс.

Егер конкурсқа қатысуға жіберілген тасымалдаушылардың болмауына байланысты конкурс тағы да өтпеді деп танылған жағдайда, субсидиялау туралы шарт бұрын осы маршрутқа қызмет көрсеткен қызметкерлерді (жолсеріктер мен поезд бастықтарын) жұмысқа орналастыра отырып, тиісті кезеңге бюджеттен бөлінген субсидиялар сомасынан аспайтын сома шегінде Ұлттық жолаушыларды тасымалдаушымен жасалады.

57. Конкурс жеңімпазымен субсидиялау туралы шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда, тасымалдаушыны айқындағанға дейін субсидиялау туралы шарт бұрын осы маршрутқа қызмет көрсеткен қызметкерлерді (жолсеріктер мен поезд бастықтарын) жұмысқа орналастыра отырып, тиісті кезеңге бюджеттен бөлінген субсидиялар сомасынан аспайтын сома шегінде Ұлттық жолаушыларды тасымалдаушымен жасалады.

## 8. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету

58. Тасымалдаушы конкурс жеңімпазы болып жарияланған жағдайда, конкурстық құжаттамада көзделген субсидиялау туралы шартты жасауға кепіл ретінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді.

59. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мәлімделген лот бойынша қызмет көрсетудің бірінші жылына қарастырылған субсидия көлемінен үш процент мөлшерінде енгізіледі.

60. Тасымалдаушы конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің біреуін таңдайды:

1) конкурсты ұйымдастырушының банктік шотына аударылатын кепілдік ақшалай жарна;

2) қағаз түріндегі банктік кепілдеме.

Тасымалдаушының оның конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өткенге дейін енгізілген кепілді ақшалай жарнаға тұтастай не оның бір бөлігін талап ету құқығының үшінші тұлғаларда туындауына әкеп соғатын әрекеттер жасауына жол берілмейді.

61. Конкурсты ұйымдастырушы тасымалдаушының ресми сұрау салуы бойынша конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі болған күннен бастап бес банк күні ішінде қайтарады:

1) конкурсқа қатысуға беретін өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін тасымалдаушының конкурстық өтінімін қайтарып алуы;

2) субсидиялау туралы шартқа қол қою;

3) осы Қағидалардың 42-тармағына сәйкес тасымалдаушының конкурстық өтінімін қабылдамау;

4) тасымалдаушының конкурсқа қатысуға берген конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімінің аяқталуы.

## 9. Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын және кредит қаражатын қайтару мен вагондарды сатып алуға берілетін қаржы лизингін төлеу міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін жаңа тасымалдаушыны айқындау тәртібі

62. Субсидиялау туралы шарт заңнамаға сәйкес бұзылған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының теміржол учаскесі бойынша әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын және кредит қаражатын қайтару мен вагондарды сатып алуға берілетін қаржы лизингін төлеу міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін жаңа тасымалдаушыны айқындай алады.

63. Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын және кредит қаражатын қайтару мен вагондарды сатып алуға берілетін қаржы лизингін төлеу міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін жаңа тасымалдаушыны (бұдан әрі – жаңа тасымалдаушы) айқындау:

1) кредит қаражаты есебінен немесе қаржы лизингі негізінде сатып алынған вагондарды әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалында пайдалану;

2) кредит қаражатын толық қайтаруды немесе қаржы лизингін төлеуді шығыстары бюджет қаражаты есебінен субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын жаңа тасымалдаушының қаражаты есебінен қамтамасыз ету;

3) жаңа тасымалдаушының әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын қамтамасыз етуге вагондар сатып алу шығыстарын азайту үшін жүзеге асырылады.

64. Жаңа тасымалдаушыны айқындағанға дейін бұрын осы маршрутқа қызмет көрсеткен қызметкерлерді (жолсеріктер мен поезд бастықтарын) жұмысқа орналастыра отырып, тиісті кезеңге бюджеттен бөлінген субсидиялар сомасынан аспайтын сома шегінде Ұлттық жолаушыларды тасымалдаушымен субсидиялау туралы шарт жасалады.

65. Конкурсты ұйымдастырушы жаңа тасымалдаушыны айқындау үшін осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес конкурстық құжаттама әзірлейді.

Бұл ретте, конкурсты ұйымдастырушы осы Қағидалардың 17-қосымшасына сәйкес нысанда вагондар сатып алуға берілетін кредит қаражатын қайтару немесе қаржы лизингін төлеу міндеттемелерін орындаудың негізгі шарттарын (бұдан әрі – міндеттемелерді орындаудың негізгі шарттары) әзірлеп, оларды және конкурстық құжаттаманы тасымалдаушыға осы кредит қаражатын берген немесе лизинг беруші болып отырған, онымен жасалған шарт бұзылған қаржы институтымен келіседі.

66. Қаржы институты конкурстық құжаттамаға және міндеттемелерді орындаудың негізгі шарттарына ескертулер мен ұсыныстар жасаған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы оларды бекітілген бюджет шеңберінде тиісті деңгейде пысықтайды.

Жаңа тасымалдаушыны айқындауға қаржы институты келіспеген жағдайда, конкурс осы Қағидалардың 2-тарауына сәйкес конкурсты ұйымдастырушының шешімі бойынша жалпы негіздерде өткізіледі.

67. Конкурстық құжаттаманы және міндеттемелерді қамтамасыз етудің негізгі шарттарын келіскеннен кейін оларды конкурсты ұйымдастырушы бекітеді.

68. Жаңа тасымалдаушыны айқындау бойынша конкурс өткізуді қамтамасыз ету үшін осы Қағидалардың 4-тарауына сәйкес комиссия құрылады.

69. Жаңа тасымалдаушыны айқындау бойынша конкурс конкурсты ұйымдастырушының интернет-ресурсы арқылы тиісті хабарландыру орналастырылғаннан кейін кемінде күнтізбелік 90 күн өткен соң өткізіледі.

70. Конкурсқа қатысуға осы Қағидалардың 21-тармағында айқындалған талаптарға сәйкес келетін, конкурстық өтінімді осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса отырып, уақтылы берген тасымалдаушыларға рұқсат беріледі.

Бұл ретте, тасымалдаушы жоғарыда көрсетілген конкурсқа қатысуға арналған конкурстық өтінімге мына құжаттарды:

1) конкурсты ұйымдастырушының атына оны жаңа тасымалдаушы ретінде айқындаған жағдайда, вагондарды әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалында пайдалану және кредит қаражатын қайтару немесе қаржы лизингін төлеу шарттарына қол қоюға қаржы институтының келіскен хатының түпнұсқасын;

2) осы Қағидалардың 18-қосымшасына сәйкес нысанда вагондарды сатып алуға берілетін кредит қаражатын қайтару немесе қаржы лизингін төлеу міндеттемелерін орындаудың негізгі шарттарын қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстарды қоса береді.

71. Жаңа тасымалдаушыны айқындау конкурсы осы Қағидалардың 2 және 7-тарауларына сәйкес өткізіледі.

72. Осы Қағидалардың 48-тармағының шарттарына сәйкес келетін және міндеттемелерді орындаудың негізгі шарттарын қамтамасыз ететін тасымалдаушы жеңімпаз болып табылады.

